

БЕКІТЕМІН:
Сәтбаев Университетінің
ректоры И.Бейсембетов



«___» _____ 2020 ж.

**Сәтбаев Университетінің магистратурасы мен PhD
докторантурасына
2020-2021 оқу жылында оқуға қабылдау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1 Сәтбаев университетінің (бұдан әрі - SU немесе Университет) магистратурасына және PhD докторантурасына қабылдаудың осы ережелері төмендегілер негізінде әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚР Заңы (19.04.2019 ж. өзгерістер және толықтырулармен);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 237 бұйрығы.

1.2 Сәтбаев университетінің магистранттар/докторанттар контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1.3 Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, егер осы деңгейдегі білімді алғаш рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде ақысыз жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығын беруді қамтамасыз етеді.

1.4 Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар, егер олар әскери, арнайы оқу орындарын қоспағанда, осы деңгейдегі білімді алғаш рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі ақысыз білім ала алады.

1.5 Шетелдіктерді магистратурада/PHD докторантурада оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру

тапсырысына сәйкес конкурстық негізде ақысыз жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

1.6 Магистратурада/PhD докторантурада оқу мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде жүзеге асырылады.

1.7 Магистратураға/PhD докторантураға тұлғаларды қабылдау КТ және қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

1.8 Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар алған білім деңгейіне және дайындық бейініне сәйкес Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында магистратураға/PhD докторантураға түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі қажет. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес танылады.

1.9 Университеттің магистратурасына/PhD докторантурасына тиісті немесе ұқсас мамандықтар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген азаматтар қабылданады. Мамандықтар сәйкес келмеген жағдайда, ҚазҰТЗУ бейіндік кафедралары магистратураның/PhD докторантураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын игеру үшін қажетті пререквизиттерді дербес анықтайды. Қажетті пререквизит болмаған жағдайда магистрантқа/PhD докторантқа білім алушының жеке оқу жоспарына қосымша қосылатын бірінші оқу жылының соңына дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі бағдарламасы бойынша оларды ақылы негізде игеруге рұқсат етіледі.

1.10 Бейіндік магистратураны бітірген магистрант педагогикалық бейіндегі бағдарламаларды қосымша игерген жағдайда PhD докторантураға жіберіледі.

1.11 PhD докторантураға қабылдау кезінде қабылдау емтихандары түсушілердің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгеру мүмкіндігін анықтау мақсатында өткізіледі.

1.12 Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау ағымдағы жылдың 15 маусымы мен 15 шілде аралығында, PhD докторантураға қабылдау 3 шілде мен 3 тамыз аралығында жүргізіледі.

Магистратураға КТ күнтізбелік жылдың 1-15 тамыз аралығында өткізіледі.

Білім беру бағдарламалары топтары бойынша PhD докторантураға қабылдау емтихандары күнтізбелік жылдың 4 - 20 тамыз аралығында, қабылдау- 28 тамызға дейін жүргізіледі.

2.Магистратура мен PhD докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

2.1 Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының

төрағасы Университеттің басшысы болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы Университет басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2.2 Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

2.3 Магистратураға түсетін тұлғалар Университетке келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) университет басшысының атына еркін нысандағы өтініш;
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) «Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) электрондық форматтағы 086-У нысанындағы медициналық анықтама. (бұдан әрі - № 907 бұйрық);
- б) шет тілінен тест тапсырғаны туралы сертификат (бар болған жағдайда, ағылшын тілінде);
- 7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып, тексеру үшін, олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып, тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

2.4 Докторантураға "магистр" дәрежесі және мамандығы бойынша кем дегенде 1 (бір) жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қабылданады.

2.5 Докторантураға түсетін және осы Ереженің 2.4 тармағының талаптарына сәйкес келетін тұлғалар Университетке келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) білімі туралы анықтама (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;
- 5) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- б) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;

7) шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;

Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ЖООКБ ұйымдарының қабылдау комиссиялары тексереді.

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеу жоспары, эсселер және басқа да құжаттар);

9) қысқаша ғылыми жоба (Research Proposal);

10) ғылыми жетекшінің диссертацияға жетекшілік жасауға жазбаша келісімі, жұмыс орнынан мөрмен расталған (мүмкіндігінше);

11) мотивациялық хат (кемінде 250 сөз, Times New Roman 14 шрифт, интервал 1,5);

Көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып, тексеру үшін, олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып, тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

2.6 Докторантурада шетелдіктер ақылы негізде оқи алады.

2.7 Әңгімелесуді кандидаттың тақырып бойынша тәуелсіз ғылыми жұмысқа дайындығын анықтау мақсатында ректор бекіткен емтихан комиссиясы жүргізеді.

3. Қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі

3.1 Магистратураға түсетін тұлғалар шет тіліндегі тесттен, білім беру бағдарламалары тобының профиліндегі тесттен, оқуға даярлығын анықтайтын тесттен тұратын білім беру бағдарламаларының топтары бойынша кешенді тестілеуден өтеді.

3.2 Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификаттардың біреуіне ие тұлғалар магистратураға КТ бойынша шет тілінен тесттен келесі тілдерде босатылады:

International English Language Tests System (IELTS), шекті балл - кемінде 6.0;

IELTS INDICATOR, шекті балл - кемінде 6.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (TOEFL ITP) , шекті балл - 543 баллдан кем емес;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл - 60 баллдан кем емес;

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT), шекті балл - 498 баллдан кем емес;
Duolingo English Test, шекті балл - 95 баллдан кем емес;
Common European Framework of Reference (CEFR), шекті балл – B2;

3.3 Докторантураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (TOEFL ITP), шекті балл - 460 баллдан кем емес;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program Internet-based Test (TOEFL IBT), шекті балл - 46 баллдан кем емес;

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT), шекті балл - 453 баллдан кем емес;

International English Language Tests System (IELTS (Academic)), шекті балл - кемінде 5.5;

DuolingoEnglishTest, шекті балл - 85 баллдан кем емес;

Common European Framework of Reference (CEFR), шекті балл – B2;

Ақылы негізде магистратураға / PhD докторантураға түсетін шетелдік азаматтар қабылдау емтихандарын оқыту тілінде (қазақ, орыс) және білім беру бағдарламалары бойынша тапсырады.

3.4 Магистратураға қабылдау емтиханын (кешенді тестілеу) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - ҰТО) өткізеді. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша сертификат беріледі.

3.5 Кешенді тестілеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) анықтаған қабылдау емтихандарының пункттерінде өткізіледі. Кешенді тестілеуді ол өткен жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.

3.6 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтиханын Университет өткізеді. Бұл ретте талапкер докторантураның білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханын тек оқуға түсетін ЖОО-да тапсырады.

3.7 Докторантураға қабылдау емтихандарын өткізу кезінде университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды дайындаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға рұқсат етіледі.

3.8. Оқу бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары факультеттен, университет қызметкерлері арасында және ғылыми ұйымдардан докторлық немесе ғылымдар кандидаты, сондай-ақ философия ғылымдарының докторы (Ph.D) дәрежелері бар қызметкерлерден құрылады.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.9 Білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтихандарының бағдарламаларын тиісті кафедралар алдыңғы білім беру деңгейінің міндетті компонентінің пәндері бойынша үлгілік(жұмыс) бағдарламалары негізінде қалыптастырады.

3.10 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтихандарын өткізудің жиынтық кестесі емтихандар өткізілгенге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне ұсынылады.

Қабылдау емтихандарының кестесі 4 тамыздан кешіктірілмей университеттің ресми сайтында және ақпараттық стендіне ақпарат орналастыру арқылы үміткерлерге жеткізіледі.

3.11 Емтихан нәтижелерімен келіспеген жағдайда және бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін ҚР БҒМ жанындағы Апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия және Университетте апелляциялық комиссия құрылады.

3.12 Қабылдау емтихандарын қабылдау пункттерінде құрылатын Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

Университеттің апелляциялық комиссиясының құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссиялар қабылдау емтихандарының және кешенді тестілеудің нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

3.13 Апелляциялық комиссия магистратураға/докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау емтиханының нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

Магистратурада оқу үшін кешенді тестілеудің апелляциясын қарау нәтижелерін апелляциялық комиссия республикалық апелляциялық комиссияға береді.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде магистратурада оқу үшін кешенді тестілеу нәтижелерін апелляцияға берген адамға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

3.14 Апелляцияға өтінішті магистратураға, докторантураға түсуші тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер қабылдау емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген

күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Қабылдау емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

3.15 Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

3.16 Апелляциялық комиссиялардың шешімдері Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

3.17 Қабылдау емтихандарын және кешенді тестілеуді өткізу тәртібін сақтау мақсатында қабылдау емтихандарын қабылдау пункттеріне және жоғары оқу орындарына ҚР БҒМ өкілдері жіберіледі.

4. Магистратура мен докторантураға қабылдау

4.1 Магистратураға тұлғаларды қабылдау осы Типтік ережелердегі 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - 1 – қосымша) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ үшін бағалаудың 150 – балдық жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындысы бойынша жүзеге асырылады: кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша–кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдаумен –кемінде 15 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 20 балл, оқуға дайындығын анықтайтын тест бойынша – кемінде 15 балл.

4.2 Кешенді тестілеу және қабылдау емтихандарынан ең көп балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданады:

1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – 1-қосымшаға сәйкес 100 баллдан кем емес;

1-Қосымша

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға кешенді тестілеу үшін бағалаудың 150 балдық жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырмалар түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Баллдар
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым	Ағылшын	50	50
	Лексика-грамматикалық тест			

	Оқу			
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30
	бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Қазақ / Орыс	20	40
Барлығы			130	150

Ереженің 3.2-тармағында көрсетілген шет тілінен (ағылшын) тест тапсырғаны туралы сертификаты бар адамдар 100 балдық бағалау жүйесі бойынша ең жоғары баллға есептеледі.

4.3 Докторанттар қатарына қабылдауды докторантураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша қабылдау емтиханының қорытындысы және шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын сертификат бойынша Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

4.4 Қабылдау кезінде докторанттар білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын дербес таңдайды.

4.5 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша философия докторларын (PhD) нысаналы даярлауға тұлғаларды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.6 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтары бөлінісінде жоғары оқу орындары арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде қайтарылады.

4.7 Қайта бөлу кезінде бірінші кезекте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тиісті тобы бойынша қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған үміткерлері бар ЖОО-лар өтінімдері қанағаттандырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқыту бағдарламаларының осы тобы бойынша үміткерлер болмаған кезде қайта бөлу жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлаудың тиісті бағыты арқылы жүзеге асырылады. Игерілмеген орындарды қайта бөлу уәкілетті органның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін бекітіледі.

4.8 Университет білім беру саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратура мен докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

5. Қабылдау емтихандарын өткізу ережелері мен нормалары

5.1 Докторантураға түсу үшін қабылдау емтихандарын өткізуге дайындық:

Қабылдау емтихандарын өткізуге дайындық мыналарды қамтиды:

- білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тапсырмаларды қалыптастыру;
- емтихан билеттерін және емтихан тапсырмаларының нұсқаларын құрастыру;
- қабылдау емтихандарын өткізу үшін аудиторияларды дайындау;
- үміткерлерді аудиториялар бойынша бөлу.

5.2 Қабылдау емтихандарына арналған бағдарламаны қалыптастыруды PhD докторларын дайындайтын бейінді кафедра меңгерушілері жүзеге асырады.

5.3 Қабылдау емтихандарының материалдарына PhD докторантура бағдарламаларының тиісті пәндік емтихан комиссиясының проректоры қол қояды және бекітеді.

5.4 Емтихан тапсырмаларының әрбір жиынтығы мөрленеді және уәкілетті құрылымдық бөлімшеде сақталады.

5.5 Барлық қабылдау емтихандары алдын ала дайындалған аудиторияларда өткізіледі.

5.6 Білім беру бағдарламалары топтарының пәндері бойынша қабылдау емтихандары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

5.7 Қабылдау комиссиясы төрағасының рұқсатынсыз қабылдау емтихандарына бөгде адамдардың қатысуына жол берілмейді.

5.8 Қабылдау емтихандарын өткізу кезінде қабылдау комиссиясы:

- қабылдау емтихандары өткізілетін оқу аудиторияларына өткізу тәртібін ұйымдастырады және бақылайды;
- бірыңғай ережелер мен оларды өткізу нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

5.9 Қабылдау емтихандары кесте бойынша басталады. Үміткер қабылдау емтиханы басталғанға дейін кемінде 15 минут бұрын оның жеке басын куәландыратын құжатпен келуге міндетті.

5.10 Қабылдау емтиханының басталуына 15 минуттан артық кешіккен жағдайда үміткер емтиханға жіберілмейді және емтиханға келмеген болып есептеледі. Көрсетілген уақыттан аз кешіккен жағдайда үміткер емтиханға жіберілуі мүмкін, бұл ретте тапсырманы орындау уақыты ұлғайтылмайды.

5.11 Дәлелсіз себептермен қабылдау емтихандарына келмеген үміткерлер өткізіп алған сынақтардан өтуге жіберілмейді.

5.12 Қабылдау сынағын өткізудің дәлелді себебі:

- үміткердің ауырып қалуы (мемлекеттік емдеу мекемесінен ауруы туралы анықтаманы ұсынумен расталады);
- төтенше жағдай.

5.13 Қабылдау емтихандарына дәлелді себеппен келмеген тұлғалар қабылдау комиссиясының шешімі бойынша жазбаша өтініш негізінде қатысады, онда болмау себебі және растайтын құжаттың болуы көрсетілуі тиіс. Жеке кесте бойынша емтихан тапсыруға қабылдау ережелерінде көрсетілген мерзімде рұқсат етіледі. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін тиісті қабылдау емтихандары өткізілмейді және шағымдар қабылданбайды.

5.14 Қабылдау емтиханын өткізу кезінде үміткерлер келесі мінез-құлық ережелерін сақтауы тиіс:

- емтихан алушы немесе қабылдау комиссиясының қызметкері көрсететін орынға отыру;
- тыныштық сақтау;
- өз бетінше жұмыс істеу, басқа емтихан тапсырушылармен сөйлеспеу, басқа үміткерлерге тапсырмаларды орындауға көмек көрсетпеу;
- өз жұмысында қабылдау комиссиясы берген материалдардан басқа қандай да бір анықтамалық материалдарды (оқу құралдары, анықтамалықтар және т.б.) пайдаланбау;
- ұялы байланыс құралдарын, калькулятор және басқа да құрылғыларды пайдаланбау;
- емтихан алушының немесе қабылдау комиссиясы қызметкерінің рұқсатынсыз, қабылдау емтиханы өткізілетін аудитория шегінен шықпау;
- жазу үшін Университеттің қабылдау комиссиясының мөрі бар белгіленген үлгідегі бланкілерді ғана пайдалану.

5.15 Мінез-құлық ережелерін бұзғаны үшін үміткерге қабылдау емтиханынан «0 балл» деген баға қойылып, дұрыс орындалған тапсырмалардың санына қарамастан шеттетіледі, бұл туралы Қабылдау комиссиясы бекітетін акт жасалады. Мінез-құлық ережелерін бұзғаны үшін қабылдау емтиханынан шеттетілген үміткерден шағымдарды қабылдау комиссиясы қарамайды.

Ғылым жөніндегі проректор

А.Х. Сыздықов